

Ертіс ауданы Голубовка ауылының аймағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс ауданы Голубовка ауылы әкімінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 1-19-1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қазанда № 6568 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Голубовка ауылы әкімінің 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 1-19-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Голубовка ауылы әкімінің 03.12.2019 № 1-19-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, 2019 жылғы 14 тамыздағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ертіс аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының №1 ұсынысы негізінде, Голубовка ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Голубовка ауылының аймағында ірі қара мал арасында инфекциялық ринотрахеит ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитетінің Ертіс аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы
2019 жылғы "2" қазан

Ж. Каламов

Е. Каримжанов

